



Бекітемін  
Жұмабек Ташенев атындағы  
университет ректоры  
Қ.С. Байболов  
«01» 08 2022 ж

## САПА МЕНЕДЖМЕНТІ ЖҮЙЕСІ

### УНИВЕРСИТЕТ ЕРЕЖЕСІ

УЕ-16-22

## УНИВЕРСИТЕТ СТУДЕНТТЕРІНІҢ ӨЗІН-ӨЗІ БАСҚАРУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

### Алғы сөз

Әлеуметтік-тәрбие жұмысы жөніндегі проректормен  
ӨЗІРЛЕНДІ ЖӘНЕ ЕНГІЗІЛДІ

1. Өзірлеген - Тәрбие ісі және жастар саясаты бөлімі басшысы:  
Д.П.Төлеген
2. Келісілді - Оқу үрдісін жоспарлау және ұйымдастырушы бөлімінің  
басшысы: Ж.А.Нурмаганбетова  
- Стратегиялық жоспарлау, мониторинг және сапаны басқару  
бөлімінің басшысы: Ж.Д. Абдуллаева
3. Жұмабек Ташенев атындағы университет Ғылыми кеңесінің 01 08 2022  
№ 1 мәжілісінде талқыланып мақұлданды
4. Енгізілді - 2022
5. Тексерілу мерзімі - 2024

Қызмет бабында пайдаланылатын басылым

Шымкент, 2022

|  |                     |                 |
|--|---------------------|-----------------|
| Жұмабек Тәшенев атындағы университеті                    |                     | УЕ-16-22        |
| Сапа менеджмент жүйесі                                   | Университет ережесі | 2 нұсқа         |
| Университет студенттерінің өзін-өзі басқару туралы ереже |                     | 7 беттің 2-беті |

### **Қолдану саласы**

Жұмабек Тәшенев атындағы университеті  
Әлеуметтік-тәрбие жұмысы  
Тәрбие ісі және жастар саясаты бөлімі  
Университет студенттері мен Өзін-өзі басқару ұйымы

### **Қысқартулар**

ҚР – Қазақстан Республикасы

### **Нормативтік сілтемелер**

Қазақстан Республикасының Конституциясы

Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің актілері

Мемлекеттік жастар саясаты туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 9 ақпандағы № 285-V ҚРЗ Заңы

ҚР Білім туралы Заңы Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V ҚРЗ Заңын;

|  |                     |                 |
|--|---------------------|-----------------|
| Жұмабек Тәшенев атындағы университеті                    |                     | УЕ-16-22        |
| Сапа менеджмент жүйесі                                   | Университет ережесі | 2 нұсқа         |
| Университет студенттерінің өзін-өзі басқару туралы ереже |                     | 7 беттің 3-беті |

## 1. Жалпы ережелер

- 1.1. Студенттік өзін-өзі басқаруы – студенттердің қызығушылығын ескере отырып, әлеуметтік мәселелерді шешуге бағытталған белсенді студенттердің ерікті бірлестігі.
- 1.2. Барлық мүшелердің еріктілік, теңдік принциптері бойынша әрекет етеді.
- 1.3. Студенттік өзін-өзі басқару ұйымы діни бірлестіктерге, саяси партияларға және өзге де қозғалыстарға тәуелді емес.

## 2. Студенттік өзін-өзі басқару ұйымының мақсаттары

- 2.1. Студенттердің өздерін көрсетуіне және студенттік өмірдің түрлі салаларындағы мәселелерді шешуге ықпал ететін жағдайлар жасау болып табылады. Студенттік өзін-өзі басқаруға қатысу студенттің жеке басын әлеуметтік дамытудың озық нұсқасын білдіреді.
- 2.2. Студенттік өзін-өзі басқару қазіргі заманғы Жоо-ның оқу- тәрбие процесінің ажырамас бөлігі болып табылады. Студенттік өзін-өзі басқару барлық студенттерді өз өмірі мен оқудағы және оқудан тыс уақыттағы қызметке ұйымдастырушылар ұстанымына қосу негізінде жасалады.
- 2.3. Білім алушылардың оқуүрдісін басқарудағы құқықтарын қорғау оны бағалау;
- 2.4. Студенттердің әлеуметтік маңызы бар бастамаларын жүзеге асыру мен дамыту;
- 2.5. Студенттік өмірдің дәстүрлерін сақтау мен дамыту, азаматтық сананы қалыптастыруға ықпал ету, студенттерді өзін-өзі басқару мен дамуға ынталандыру;
- 2.6. Жастар ұйымдарының жұмысын қадағалау.

## 3. Студенттік өзін-өзі басқару функциялары

- 3.1. Өзін-өзі басқару ұйымы өз міндеттеріне сәйкес мынадай функцияларды орындайды:
- 3.2. Студенттік өмірдің барлық бағыттарын үйлестіру жөніндегі шараларды әзірлейді, қабылдайды және жүзеге асырады.
- 3.3. Жоғары академиялық үлгерімі, белсенді ғылыми және қоғамдық қызметі үшін студенттерге атаулы шәкіртақы тағайындау туралы университет кеңесіне ұсыныстар береді.
- 3.4. Университет студенттерін әлеуметтік – құқықтық қорғауға қатысады.
- 3.5. Көрсетілген міндеттерге сәйкес басқа функцияларды орындайды.

## 4. Студенттік өзін-өзі басқару функцияларын қорғау

- 4.1. Өз функцияларын жүзеге асыру үшін Кеңестің басшылығы;
- 4.2. Студенттік ұйымдарды және университет студенттерін іс-шараларға тарту;
- 4.3. Студенттік өзін-өзі басқаруға келіп түскен ақпаратты зерделеу, талдау және шешім қабылдау;
- 4.4. Мәселелерді тез арада қабылдауға және шешуге құқығы бар.

|  |                     |                 |
|--|---------------------|-----------------|
| Жұмабек Тәшенев атындағы университеті                    |                     | УЕ-16-22        |
| Сапа менеджмент жүйесі                                   | Университет ережесі | 2 нұсқа         |
| Университет студенттерінің өзін-өзі басқару туралы ереже |                     | 7 беттің 4-беті |

## 5. Өзін-өзі басқару және ұйымдастырушылық құрылымы

5.1. Өзін-өзі басқару мынадай негізгі бөлімшелерден тұрады:

- студенттердің оқу және ғылыми-зерттеу қызметінің бөлімі;
- студенттерді бос уақытты дамыту жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыру бөлімі;
- студенттердің қоғамдық өмірін ұйымдастыру бөлімі;
- ақпараттық және қоғамдық қатынастар бөлімі.

5.2. Кеңестің төрағасы университет студенттерінің жалпы жиналысымен сайланады.

5.3. Студенттік кеңес төрағасының орынбасары болады. Кеңес құрамына университеттің барлық ұйымдарының, сондай-ақ басқа да тұлғалардың өкілдері кіреді. Студенттік өзін-өзі басқару мүшелері студенттердің жалпы жиналыстарымен сайланады. Қажет болған жағдайда өзін-өзі басқарудың шешімі бойынша оның құрамы өзгеруі мүмкін.

5.4. Өзін-өзі басқару хатшысы және салалар бойынша бөлім басшылары сайланады, ал міндеттер басқа мүшелер арасында таратылады.

“Жұмабек Ахметұлы Ташенев атындағы университеті” тек жоғары білім беру стандарттарына ғана емес, профессорлар мен оқытушылардың жоғары білікті ұжымы мен тамаша оқу базасына ие. Оқу және бос уақытты өткізу үшін әртүрлі мүмкіндіктерден басқа, университетте бірқатар қызықты студенттік клубтар мен ұйымдар жұмыс істейді. Онда студенттер тәжірибе жинақтап, коммуникациялық дағдыларды дамытып, эмоция мен әсер ала алады. Мұнда сіз әр клуб туралы қысқаша хабарлар ала аласыз:

**«Жастар РУХЫ»** - бұл студенттер жастарды қоғамдық саяси істерге белсене араласуына бағытталған ұйым. Жастарға патриоттық сезімді сіңіре отырып, қоғамға пайдалы әрекеттер мен өз ойын еркін жеткізе білетін, еркін әрекет ете білетін саналы жастарды қалыптастыруды мақсат етеді. Негізгі бағыт – студенттер арасында ұлттық сана мен жауапкершілікке тәрбиелеу болып табылады.

**Дебат Аристократ клубы** – жастардың ораторлық қабілетін дамытуда, жеке адамның рухани байлығын дамытуда, лидерлік сапасын арттырудағы ерікті жастардың, студенттік бірлестігі болып табылады

**ЭКО-Туризм** – Экологиялық тұрғыдағы корнекті орындарды ұлттық саябақтарды, табиғат ескерткіштерін, табиғат қорғау проблемалары неғұрлым оңтайлы шешілген аумақтарды, экологиялық ұйымдардың, "жасылдар" қозғалысының бұқаралық шараларына қатысу, аралап қору қоса жоспарланған саяхат болып табылады.

**Журналистер қауымдастығы** – Клуб мемлекеттік ұлттық саясатты жетілдіру, ұлтаралық келісім мен қоғамдағы тұрақтылықты нығайту бойынша ұсыныстар дайындайды; ұлтаралық тақырыптарды дұрыс жеткізу бойынша бұқаралық ақпарат құралдарына ұсыныстар әзірлейді

**«Шанырақ»** - бұл жастар қауымдастығы, студенттер арасындағы бірлік, өзара сыйластық, ынтымақтастық, сенім, қамқорлық сезімдерін қалыптастыруға негізделген өнерлі жастар ұйымы.

|  |                     |                 |
|--|---------------------|-----------------|
| Жұмабек Тәшенев атындағы университеті                    |                     | УЕ-16-22        |
| Сапа менеджмент жүйесі                                   | Университет ережесі | 2 нұсқа         |
| Университет студенттерінің өзін-өзі басқару туралы ереже |                     | 7 беттің 5-беті |

## 6. Студенттік өзін-өзі басқару мүшелерінің міндеттері:

6.1. Студенттік өзін-өзі басқару ұйымының басшысы университеттегі студенттік өзін-өзі басқару ұйымдастырады және университеттің жұмыс жоспарында қарастырылған іс-шараларды ұйымдастырады, студенттік кеңесті басқарады.

Студенттік өзін-өзі басқару ұйымының басшысы:

- Кеңестің тұрақты байланысын университеттің әлеуметтік және білім беру қызметінің жетекшісімен қамтамасыз етеді.
- Студенттік өзін-өзі басқару жұмыс жоспарын бекітеді.
- Студенттердің бос уақыттарын тиімді пайдалану мәселелері бойынша студенттік өзін-өзі басқару тұрақты кездесулерін өткізеді;
- Студенттік өзін-өзі басқару шешімі мен жоспарланған іс шаралар туралы студенттерге уақытылы хабардар етеді;
- Студенттік өзін-өзі басқару мүшелерінің кездесулерін дайындауды және өткізуді ұйымдастырады;
- Студенттік өзін-өзі басқару барлық мүшелерінің міндеттерін адал орындауға жетекшілік етеді.

## КЕЛІСІЛДІ

Оқу үрдісін жоспарлау және ұйымдастырушы бөлімінің басшысы:



Ж.А.Нурмаганбетова

Стратегиялық жоспарлау, мониторинг және сапаны басқару бөлімінің басшысы



Ж.Д. Абдуллаева



